



«КЕЛІСІЛДІ»

Жамбыл облысы әкімдігінің
дене шынықтыру және спорт
басқармасының басшысы

Е. Ибраимов

«_____» _____ 2026 ж.



«БЕКІТІЛДІ»

Жамбыл облысы әкімдігінің
кәсіпкерлік және индустриалды-
инновациялық дамыту

басқармасының басшысы

А. Сейсебаев

«_____» _____ 2026 жыл



«КЕЛІСІЛДІ»

Талас аудан әкімінің м.а

А.Жабағы

«_____» _____ 2026 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

«Ауыл» партиясының
Жамбыл облысы бойынша
өңірлік филиал төрағасы

Н.Муслимов

«_____» _____ 2026 жыл

**«ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰРА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ АЯСЫНДА
ӨТЕТІН ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ
ЖАРЫС ЕРЕЖЕСІ**

Тараз қаласы – 2026 жыл

I БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1.1. Осы Ереже «Қызғалдақ мұра» халықаралық фестивалі аясында өткізілетін ұлттық және бұқаралық спорт ойындарын (*бұдан әрі – Жарыс*) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Жарыс 2026 жылғы 25 сәуірде, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Есейхан ауылының маңында өткізіледі.

1.3. Жарыс бағдарламасы мен спорт алаңдарының орналасу сызбасы қосымша бекітіледі.

1.4. **Қатысушыларды тіркеу:**

- алдын ала онлайн тіркеу арқылы;
- жарыс өтетін жерде тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

1.5. **Мандаттық комиссия отырысы және жеребе тарту рәсімі:**

- 25 сәуір, сағат 08:00–09:00.

1.6. **Салмақ өлшеу рәсімі (түісті спорт түрлері бойынша):**

- сағат 09:00–10:00.

1.7. **Жарыстың басталуы: сағат 10:00.**

1.8. Жарыс Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы №74 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

II БӨЛІМ. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

2.1. Жарыстың жалпы ұйымдастырушысы–Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасы.

2.2. **Жарысты тікелей ұйымдастыру және өткізу:**

- Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы;
- «Ауыл» партиясының Жамбыл облысы бойынша өңірлік филиалы.

2.3. Спорттық жарыстарды ұйымдастыру, өткізу, барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, спорт алаңдарын дайындау, төрешілер құрамын бекіту және жарыстың техникалық қамтамасыз етілуі Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасына жүктеледі.

2.4. Жарыстың жүлде қоры және спорттық іс-шараларды өткізуге байланысты барлық ұйымдастыру шығындары іс-шараның демеушісі ретінде «Ауыл» партиясының Жамбыл облысы бойынша өңірлік филиалы есебінен қаржыландырылады.

2.5. Қауіпсіздік шаралары (медициналық көмек, қоғамдық тәртіп, өрт қауіпсіздігі)Талас ауданы әкімдігіне жүктеледі.

2.6. Қатысушылардың жол, тамақтану және өзге де шығындары өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2.7. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы арқылы жүзеге асырылады (*қаржылай сертификаттар және т.б.*)

III БӨЛІМ. СПОРТ ТҮРЛЕРІ

Жарыс келесі спорт түрлері бойынша өткізіледі:

№	Спорт түрлері	Қатысушылар (салмақ дәрежесі және жас ерекшелігі)	өкіл, төрешілер және т.б
1.	Аударыспақ	Абсолют, 18 жастан жоғары	2
2.	Қазақ күресі	Барлық жас ерекшегі +80 кг жоғары	2
3.	Қазақ күресі	Барлық жас ерекшегі 80 кг дейін	2
4.	Қошқар көтеру	Абсолют, 18 жастан жоғары	2
5.	Қол күресі	Абсолют, 18 жастан жоғары (ерлер, әйелдер)	2
6.	Дәстүрлі садақ ату	Барлық жас ерекшелігі (ерлер, әйелдер)	2
7.	Арқан тарту	Команда құрамы 5 адам, 18 жастан жоғары	2
8.	Асық ату	Абсолют, барлық жас ерекшелігі	2

IV БӨЛІМ. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Жарыстар қолданыстағы спорт түрлері ережелеріне сәйкес өткізіледі.

4.2. Жарыс форматы қатысушылар санына байланысты мандаттық комиссия отырысында анықталады.

4.3. Әр спорт түрі бойынша бас төреші және төрешілер алқасы бекітіледі.

4.4. Даулы мәселелер төрешілер алқасының шешімімен реттеледі.

V БӨЛІМ. ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. *Жарысқа қатысу үшін:*

- жеке басын куәландыратын құжат;
- медициналық анықтама;
- кәмелетке толмағандарға ата-анасының жазбаша рұқсаты қажет.

5.2. Қатысушылар жеребе арқылы анықталған тәртіппен жарысқа қатысады.

5.3. Қатысушылар қауіпсіздік талаптарын сақтауға міндетті.

VI БӨЛІМ. ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

1) санаты қазақ күресі (80 келіден жоғары):

- 1 орын 1 жеңімпаз = 500 000 тг.;

- 2 орын 1 жеңімпаз = 400 000 тг.;

- 3 орын 1 жеңімпаз = 300 000 тг.;

2) санаты қазақ күресі (80 келіден төмен):

- 1 орын 1 жеңімпаз = 400 000 тг.;
- 2 орын 1 жеңімпаз = 300 000 тг.;
- 3 орын 1 жеңімпаз = 200 000 тг.;

3) санаты аударыспақ (абсолютті салмақ дәрежесі):

- 1 орын 1 жеңімпаз = 100 000 тг.;
- 2 орын 1 жеңімпаз = 70 000 тг.;
- 3 орын 1 жеңімпаз = 50 000 тг.;

4) санаты асық ату (абсолютті салмақ дәрежесі):

- 1 орын 1 жеңімпаз = 100 000 тг.;
- 2 орын 1 жеңімпаз = 70 000 тг.;
- 3 орын 1 жеңімпаз = 50 000 тг.;

5) санаты дәстүрлі садақ ату (ерлер):

- 1 орын 1 жеңімпаз = 100 000 тг.;
- 2 орын 1 жеңімпаз = 70 000 тг.;
- 3 орын 1 жеңімпаз = 50 000 тг.;

6) санаты дәстүрлі садақ ату (қыздар):

- 1 орын 1 жеңімпаз = 100 000 тг.;
- 2 орын 1 жеңімпаз = 70 000 тг.;
- 3 орын 1 жеңімпаз = 50 000 тг.;

7) санаты қошқар көтеру (абсолютті салмақ дәрежесі):

- 1 орын 1 жеңімпаз = 150 000 тг.;
- 2 орын 1 жеңімпаз = 100 000 тг.;
- 3 орын 1 жеңімпаз = 50 000 тг.;

8) санаты қол күресі (ұлдар):

- 1 орын 1 жеңімпаз = 100 000 тг.;
- 2 орын 1 жеңімпаз = 70 000 тг.;
- 3 орын 1 жеңімпаз = 50 000 тг.;

9) санаты қол күресі (қыздар):

- 1 орын 1 жеңімпаз = 100 000 тг.;
- 2 орын 1 жеңімпаз = 70 000 тг.;
- 3 орын 1 жеңімпаз = 50 000 тг.;

10) санаты арқан тарту (абсолютті салмақ дәрежесі):

- 1 орын 1 жеңімпаз = 500 000 тг.;
- 2 орын 1 жеңімпаз = 400 000 тг.;
- 3 орын 1 жеңімпаз = 300 000 тг.;

VII БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 7.1. Ұйымдастырушылар жарыс бағдарламасына өзгерістер енгізуге құқылы.
- 7.2. Қатысушылар осы Ереженің талаптарын сақтауға міндетті.